



**«ERG Service» (И-Ар-Джи Сервис) ЖШС-ның  
сапа, денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету  
саласындағы саясаты**

**«ERG Service» (И-Ар-Джи Сервис) жауапкершілігі шектеулі серіктестігі** – «Еуразиялық Топ» ЖШС-ның құрамына кіретін кәсіпорындардың өнеркәсіптік жабдықтарын өндіру, техникалық қызмет көрсету, диагностикалау және жөндеу саласындағы, сондай-ақ HR қызметтерін ұсыну, техникалық дамыту және инжиниринг саласындағы көп салалы компания.

**Серіктестіктің стратегиясы** – Топтың барлық Бизнес Бірліктерінің тиімділігін арттыру үшін ТҚжәнеЖ процестері мен технологияларының инжинирингі функциясымен «Еуразиялық Топ» ЖШС құрамында бірыңғай сервистік актив құру болып табылады.

**Біздің міндетіміз** - қауіпсіз еңбек жағдайларын және қоршаған ортаға мейлінше ең аз әсер етуді қамтамасыз ете отырып, шарттық талаптарға сәйкес сапалы өнім жасап шығару, сапалы және уақытылы жөндеу жұмыстарын жүргізу және жабдықтарға сервистік қызмет көрсету.

Біз өндірілетін өнімнің, көрсетілетін қызметтер мен бизнес-процестердің сапасын орнықты дамытудың, жұмыстың тұрақтылығын қамтамасыз етудің, өткізу нарықтарын кеңейтудің, экономикалық жағдайды тұрақтандырудың және Серіктестікті тұтынушылардың, персоналдың, жеткізушілердің, серіктестердің және т.б. мүдделері үшін дамытудың басты шарты ретінде қарастырамыз.

Біз өз жауапкершілігімізді сезіне отырып, өзіміз үшін Серіктестікті басқарудың интеграцияланған жүйесі саласындағы қызметтің мынадай ниеттері мен бағыттарын айқындадық:

- Топ кәсіпорындары үшін олардың тұрақты және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету, даму жобаларын іске асыру мақсатында өнімдер мен қызметтердің кепілді және сенімді жеткізушісі болу;
- шарттық міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету, Тапсырыс берушінің қанағаттануы тұрғысынан өнім/көрсетілетін қызмет сапасының тұрақты мониторингін қамтамасыз ету және оны келесі кезеңдерде өнім өндіру/қызмет көрсету кезінде ескеру;
- қауіпті факторлардың болмауын қамтамасыз ететін жағдайлар жасау, Серіктестік қызметкерлері мен барлық мүдделі тараптардың қауіпсіздігі мен денсаулығының сақталуына қолайсыз әсер ететін өндірістік жарақаттану және кәсіптік аурулардың пайда болуына жол бермеу;
- Қазақстан Республикасы заңнамасының, «ERG Service» (И-Ар-Джи Сервис) ЖШС қызметіне қолданылатын стандарттар мен қағидалардың талаптарын қатаң орындау;
- Серіктестік мүдделері аймағындағы әлеуетті жеткізушілердің нарығына мониторинг және аудит жүргізу;
- барлық процестердің нәтижелілігі мен тиімділігін арттыру;
- қызметкерлердің құзыреттілігі мен біліктілігінің жоғары деңгейін қамтамасыз ету, кадрларды даярлау, үздіксіз оқыту, қызметкерлердің кәсібилігін, сабақтастығын, жаңашылдығын, және әл-ауқатын дамыту мәселелеріне ерекше назар аудару;
- тәуекелдердің пайда болу ықтималдығын және олар болған жағдайда салдарын болдырмай, оларды жедел басқару;
- жаңа өнім/қызмет көрсету түрлерін игеру.

**«ERG Service» (И-Ар-Джи Сервис) ЖШС басшылығы өзіне:**

- қызметкерлермен еңбек қауіпсіздігі және денсаулық сақтау мәселелері жөнінде консультациялар өткізу, сондай-ақ олардың және олар бар жерде қызметкерлер өкілдерінің қатысуын қамтамасыз ету;

- әрбір қызметкерге Саясатты жеткізу және оны іске асыру үшін ресурстармен қамтамасыз ету, ISO 9001, ISO 45001 талаптарына сәйкес менеджменттің интеграцияланған жүйесін қолдау және тұрақты жақсарту бойынша міндеттемелерін алады.

Бас директор

С.В. Петухов